

2022-2023 оқу жылдарында Жалпы білім беретін оқу бағдарламалары, сынып жетекшілерінің жылдық жұмыс жоспарлары, сынып журналдары зерделеніп, талдау жасалды.

«Жолда жүру ережелері» міндетті курсын іске асыруда 2022-2023 оқу жылдары «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда 6 сағаттан, 5-8 сыныптарда 10 сағаттан жүргізіледі. Осы курсты 1-9 сынып жетекшілері сынып сағаттарында жүзеге асырады.

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны сынып сағаттары есебінен оқытылатыны «Kundelik.kz» электронды журналы арқылы анықталды.

Жолда жүру ережелерінің барлық нұсқаулықтарымен мектебіміздің барлық оқушылары таныстырылды. Өмірде күтпеген оқиғалардан сақтану үшін жол ережелеріне бағыну керек. «Сақтансаң сақтармын» дегендей ережелерді тек білу ғана шарт емес, оны бұлжытпай орындаса ғана аман - есен жүруге болатындығы түсіндіріліп, күнделікті өмірмен байланыстырылды. Көше тәртібін сақтау - сенің міндетің! Егер жол ережесін бұзсаң, тек өзіңе қауіп төндіріп қоймай, басқа адамдарға да зиянды тигізетіндігін ескерту басты мақсаттың бірі болды. Жыл басында бекітілген жоспар бойынша сабақтар жоспарланған күні толық өткізілді.

Қортынды: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2 қосымшасы) 2-тарауының 25 тармағы, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (3 қосымшасы) 2 тарауының 35 тармағына сәйкес келеді.

Жолда жүру ережесін оқыту бағдарламасы
5-сынып

№	Айлар	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
1	қыркүйек	Біздің қала (ауыл), аудан	1
2	қазан	Жол таңбаларының белгіленуі.	1
3	қараша	Қосымша секциялары бар бағдарламалар.	1
4	желтоқсан	Жол реттеушісінің белгілері.	1
5	қаңтар	Жол жүру белгілері және олардың қолданысы.	1
6	ақпан	Жүргізушінің еңбегінің ерекшеліктері мен негізгі міндеттері. Қазіргі заманғы көлік – жоғары қауіпті аймақ. Қоғамдық көлік.	1
7	наурыз	Жол қозғалысының қауіпсіздігіне ауа райының әсер етуі.	1
8	сәуір	Велосипедпен жүру.	1
9	сәуір	Жараланған кезде алғашқы медициналық көмек көрсету. Жоғарғы және төменгі аяқ-қол дене бөліктерінің сынған немесе буын шығып кеткен кезде алғашқы медициналық көмек көрсету ержелері.	1
10	мамыр	Қорытынды сабақ.	1
Барлығы:			10

**Жолда жүру ережесін оқыту бағдарламасы
6-сынып**

№	Айлар	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
1	қыркүйек	Жол жүру ережелері (қайталау).	1
2	қазан	Көлік құралдарының қозғалысы. Көлік құралдарының аялдама жолдары.	1
3	қараша	Көлік құралдарының нөмірлік, тану белгілері мен жазбалары.	1
4	желтоқсан	Жол-көлік оқиғасы уақытындағы оқушылардың мінез-құлқы.	1
5	қаңтар	Түрлі жарақаттар алған жағдайда алғашқы медициналық көмек.	1
6	ақпан	Жол қозғалысының қауіпсіздігі.	1
7	наурыз	Жол қозғалысына қатысушылардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершіліктері.	1
8	сәуір	Жаяу жүргіншілерге арналған жол жүру ережесі. Жол "қақпан".	1

9	сәуір	Жол-көлік оқиғаларына әкеп соқтыратын жол жағдайларын зерттеу.	1
10	мамыр	Қорытынды сабақ.	1
Барлығы:			10